

Железин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы

Павлодар облысы Железин ауданы әкімінің 2021 жылғы 21 қазандағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 қазанда № 24893 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 23-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Железин ауданының аумағында сайлау учаскелері құрылсын.

2. Аудан әкімінің келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

Павлодар облысы Железин ауданы әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 2 "Железин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4332 болып тіркелген) шешімі;

Павлодар облысы Железин ауданы әкімінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 3 "Железин ауданы әкімінің "Железин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6182 болып тіркелген) шешімі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Железин ауданының әкімі

К. Кашкиров

"КЕЛІСІЛДІ"

Железин аудандық
аумақтық сайлау
комиссиясы

Железин ауданы әкімінің
2021 жылғы 21 қазандағы
№ 2 шешімге
қосымша

Железин ауданының аумағында сайлау учаскелері

Ескерту. Қосымшаға жаңа редакцияда - Павлодар облысы Железин ауданы әкімінің 02.10.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ 212 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Алакөл ауылы, Целинная көшесі, 16, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Алакөл ауылдық округі Алакөл ауылының аумағы.

№ 213 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Башмачное ауылы, Совхозный тұйық көшесі, 2, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Башмачин ауылдық округі Башмачное ауылының аумағы.

№ 214 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Кузьмино ауылы, Бейбітшілік көшесі, 28 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Кузьмино негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Башмачин ауылдық округі Кузьмино ауылының аумағы.

№ 215 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Береговое ауылы, Береговая көшесі, 29, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Береговой негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Башмачин ауылдық округі Береговое ауылының аумағы.

№ 216 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай ауылы, Абай көшесі, 21 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Абай негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Башмачин ауылдық округі Абай ауылының аумағы.

№ 217 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Уәлиханов ауылы, Уәлиханов көшесі, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Еңбекші ауылдық округі Уәлиханов ауылының аумағы.

№ 218 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Веселая роцца ауылы, Абай көшесі, 9, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Веселая роцца ауылы, Дүйсеке ауылы, Веселорощин ауылдық округінің "Осенний" теміржол аялдама пункті.

№ 221 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Славяновка ауылы, Дунаев көшесі, 10, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Славянов негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Веселорощин ауылдық округі Славяновка ауылының және Жаңабірлік ауылының аумағы.

№ 222 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Еңбекші ауылы, Абай көшесі, 28 А, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Еңбекші ауылдық округі Еңбекші ауылының аумағы.

№ 223 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Железинка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 59, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Абай, Бабин, Гагарин, Гоголь, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Лермонтов, Горький, Набережная, Құсайын Сарымов, Пушкин, Жеңіс, Степная, Торайғыров, Дәрі Асанов көшелері.

№ 224 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Железинка ауылы, Квитков көшесі, 11 А құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "№ 1 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлсейітов, Әуезов, Береговая, Жамбыл, Квитков, Клубная, Джусупов, Мира, Некрасов, Рысқұлов, Мұқанов, Сәтбаев, Советская, Болат Ракишев, Чехов, Ыбырай Алтынсарин, Трусов, Чкалов, Пионерская көшелері, Зеленый тұйық көшесі.

№ 225 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Железинка ауылы, Береговая көшесі, 39 Б құрылыс, Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Железин ауданының балалар- жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Амангелді, Автотранспортный, Егемендік, Лихачев, Плеханов, Титов, Зерновая, Речная, Еңбек көшелері.

№ 226 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Аққайың ауылы, Абай көшесі, 18, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Железин ауылдық округі Аққайың ауылының аумағы.

№ 227 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Захаровка ауылы, Школьная көшесі, 2 А құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Захаров негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Железин ауылдық округі Захаровка ауылының аумағы.

№ 228 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Моисеевка ауылы, 50 лет Октября көшесі, 23 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Моисеев негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Железин ауданы Моисеевка ауылының аумағы.

№ 229 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Пятерьжск ауылы, Целинная көшесі, 1 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Пятерьжск негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Железин ауылдық округі Пятерьжск ауылының аумағы.

№ 230 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Церковное ауылы, Ленин көшесі, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Новомир ауылдық округі Церковное ауылының аумағы.

№ 231 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Жаңа жұлдыз ауылы, Юбилейная көшесі, 21, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Қазақстан ауылдық округі Жаңа жұлдыз ауылының аумағы.

№ 232 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Есқара ауылы, Талапкер көшесі, 6 А, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық клубтың ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Қазақстан ауылдық округі Есқара ауылының аумағы.

№ 233 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Екішоқ ауылы, Бірлік көшесі, 12 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Екішоқ негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Қазақстан ауылдық округі Екішоқ ауылының аумағы.

№ 234 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Михайловка ауылы, Суворов көшесі, 19, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Михайлов ауылдық округі Михайловка ауылының аумағы.

№ 235 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Петропавловка ауылы, Степная көшесі, 15 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Буденов негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Михайлов ауылдық округі Петропавловка ауылының аумағы.

№ 236 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Красновка ауылы, Киров көшесі, 16, (келісім бойынша);

сайлау учаскесінің шекарасы: Красновка ауылының аумағы, Михайлов ауылдық округінің "Қызыл тұз" теміржол аялдама пункті.

№ 237 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Мыңкөл ауылы, Элеваторная көшесі, 1 Б құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Мыңкөл негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Михайлов ауылдық округі Мыңкөл ауылының аумағы.

№ 238 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Майлы ауылы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6-құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы Железин ауданы білім беру бөлімінің "Озерный негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты:

сайлау учаскесінің шекарасы: Майлы ауылдық округі Майлы ауылының аумағы.

№ 241 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Лесное ауылы, Дружба көшесі, 1, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Лесной ауылдық округі Лесное ауылының аумағы.

№ 242 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Крупское ауылы, Астана көшесі, 23 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Крупский негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Лесной ауылдық округі Крупское ауылының аумағы.

№ 243 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Раздельное ауылы, Раздельная көшесі, 13/1 (келісім бойынша);

сайлау учаскесінің шекарасы: Лесной ауылдық округі Раздельное ауылының аумағы

№ 245 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Прииртышск ауылы, Ленин көшесі, 27, Железин ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ауылдық мәдениет үйінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Прииртышск ауылдық округі Прииртышск ауылының және Груздевка ауылының аумағы.

№ 246 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Үрлітүб ауылы, Центральная көшесі (келісім бойынша);

сайлау учаскесінің шекарасы: Прииртышск ауылдық округі Үрлітүб ауылының аумағы.

№ 249 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы; Ақтау ауылы, Спортивная көшесі, 19-құрылыс, Железин ауданы мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ауылдық мәдениет үйі ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтау ауылдық округі Ақтау ауылының аумағы.

№ 250 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Жолтаптық ауылы, Школьная көшесі, 2 құрылыс, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "Жолтаптық негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтау ауылдық округі Жолтаптық ауылының аумағы.

№ 251 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Железинка ауылы, Жеңіс көшесі, 97, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің "№ 2 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты;

сайлау учаскесінің шекарасы: Бебель, Достоевский, Космонавтов, Мәметова, Маяковский, Новоселов, Толстой, Тургенев, Шоқан Уәлиханов, Энергетиков, Байзақов, Герцен, Заводская, Нұрым Үсенов, Комаров, Ледовского, Луговая, Әлия Молдағұлова, Сейфуллин, Чернышевский көшелері, Киров тұйық көшесі.